

## 2011 жылға Ақмола облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облыстық мәслихатының 2011 жылғы 15 наурыздағы № 4С-31-4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 11 сәуірде № 3387 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облыстық мәслихатының 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 2-1-683 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облыстық мәслихатының 25.12.2014 № 2-1-683 хатымен).**

2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 495 бабының 9 тармағына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабының 5 тармағына сәйкес Ақмола облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2011 жылға Ақмола облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ставкалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Ақмола облыстық мәслихатының «2010 жылға арналған Ақмола облысының қоршаған ортасына эмиссия үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы» 2009 жылғы 10 желтоқсандағы № 4С-19-3 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3345 тіркелген, 2010 жылғы 6 ақпанда «Арқа ажары» газетінде, 2010 жылғы 4 ақпанда «Ақмолинская правда» газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп есептелсін.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облыстық мәслихаты  
сессиясының төрағасы *С.Авдеюк*

Ақмола облыстық мәслихатының  
хатшысы *Ө.Мұсабаев*

«КЕЛІСІЛДІ»

Ақмола облысы бойынша  
Салық департаментінің бастығы *Д.Н.Нұрмолдин*

Ақмола облысы табиғи ресурстар  
және табиғатты пайдалануды реттеу  
басқармасының бастығы **Ә.М.Сағитов**

Ақмола облысының экономика  
және бюджеттік жоспарлау  
басқармасының бастығы **М.Ш.Тақамбаев**

Ақмола облыстық мәслихатының  
2011 жылғы 15 наурыздағы  
№ 4С-31-4 шешіміне қосымша

## 2011 жылға Ақмола облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссия ставкалары

1. Тұрақты көздерден ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы  
ставкалары мыналарды құрайды:

№ р/р	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы ставкалары АЕК	1 килограмм үшін төлемақ ставкалары АЕК
1	Күкірт тотықтары	12	
2	Азот тотықтары	12	
3	Шаң және күл	6	
4	Қорғасын және оның қосындылары	2391,6	
5	Күкіртсутек	74,4	
6	Фенолдар	199,2	
7	Көмірсутектер	0,192	
8	Формальдегид	199,2	
9	Көміртегі тотықтары	0,192	
10	Метан	0,012	
11	Күйе	14,4	
12	Темір тотықтары	18	
13	Аммиак	14,4	
14	Алты валентті хром	478,8	
15	Мыс тотықтары	358,8	
16	Бенз(а)пирен		597,96

2. Қозғалмалы көздерден атмосфералық ауаға ластағыш заттардың  
шығарындылары үшін төлемақы ставкалары мыналарды құрайды:

№ р/р	Отын түрлері	Пайдаланылған отынның 1 тонна үшін ставка АЕК
1	Этилденбеген бензин үшін	0,396
2	Дизель отыны үшін	0,54
3	Сұйытылған, сығылған газ үшін	0,288

3. Ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары мыналарды құрайды:

№ р/р	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы ставкалары АЕК
1	Нитриттар	804
2	Мырыш	1608
3	Мыс	16082,4
4	Оттегіне биологиялық сұраныс	4,8
5	Тұзды аммоний	40,8
6	Мұнай өнімдері	321,6
7	Нитраттар	1,2
8	Жалпы темір	160,8
9	Сульфаттар (анион)	0,48
10	Өлшенген заттар	1,2
11	Синтетикалық бетісті-белсенді заттар	32,4
12	Хлоридтер (анион)	0,12
13	Алюминий	32,4

4. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін төлемақы ставкалары мыналарды құрайды:

№ р/р	Қалдықтардың түрлері	Төлемақы ставкалары АЕК	
		1 тонна үшін	1 гигабеккерель (Гбк) үшін
1	Өндіріс пен тұтынудың қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, санкцияланған үйінділерде және арнайы берілген орындарда орналастырғаны үшін:		
1.1	Коммуналдық қалдықтар (тұрмыстық қатты қалдықтар, тазарту құрылғыларының кәріздік тұнбасы	0,228	
1.2	Қауіптілік деңгейін ескере отырып, өнеркәсіптік қалдықтар:		
1.2.1	«қызыл» тізім	8,4	
1.2.2	"янтарь" тізім	4,8	
1.2.3	"жасыл" тізім	1,2	
1.2.4	жіктелмегендер	0,54	
1.3.	Бұдан басқа:		
1.3.1	аршынды жыныстар	0,0024	
1.3.2	жанас таужыныстары	0,0156	
1.3.3	байыту қалдықтары	0,012	
1.3.4	шлактар, шламдар	0,0228	
1.3.5	күл мен күлшлактар	0,396	
1.3.6	ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары	0,0108	
1.3.7	техникалық және элементарлық күкірт	4,524	
2.	Радиоактивтік қалдықтарды орналастырғаны үшін, гигабеккерельмен (Гбк):		

2.1.	Трансуранды	0,456
2.2.	Альфа-радиоактивті	0,228
2.3.	Бета-радиоактивті	0,024
2.4.	Шынақты радиоактивті көздер	0,228

Е с к е р т у :

АЕК – айлық есептік көрсеткіш

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК